

## “SOLVE FOR TOMORROW” ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

«Solve for Tomorrow» жобасына («Жоба») қатысудың осы ережелері SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA» (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ) ЖШС («Ұйымдастырушы») және Жобаның қатысушысы арасындағы келісім болып табылады. Жобаға қатыса отырып, қатысушы Жобаға қатысудың осы ережелерімен («Ережелер») келіседі.

### 1. Жалпы ережелер

1.1. **Ұйымдастырушы:** «SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA», «САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ» ЖШС, келесі мекенжай бойынша орналасқан: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050000, Желтоқсан көшесі, 115 үй, «Kaisar Plaza» сауда-кеңсе орталығы, 3-қабат;

1.2. **Жобаны өткізу кезеңі:** 2023 жылдың 1 наурызы мен 25 тамыз аралығы;

1.3. **Жобаны өткізу қалалары:** Қазақстан Республикасының барлық қалалары;

### 2. Жобаға Қатысушы

2.1. Жобаға Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын 13 пен 18 жас аралығындағы мектеп оқушылары қатыса алады.

### 3. Жобаны өткізу механикасы

3.1. Осы Ережелерге сәйкес жобаға қатысу үшін Қатысушылар solvefortomorrow.kz сайтында тіркеледі.

### 4. Жобаға қатысу шарттары

4.1. Жобаға қатысу үшін Қатысушы келесі әрекеттерді орындауы тиіс:

- solvefortomorrow.kz сайтында жазылған Жобаның барлық шарттарымен танысу.
- 2023 жылдың 30 сәуіріне дейін 10 адамнан тұратын команда жинау және команда мен өз жобан туралы айтып беру, міндетті түрде презентация дайындап, видео түсіру және solvefortomorrow.kz сайтында сауалнама толтыру.
- Команданың барлық қатысушылары, соның ішінде мұғалім де бір қала мен мектептен болуы тиіс.
- 2023 жылдың 30 сәуіріне дейін solvefortomorrow.kz сайтында қатысу үшін тіркелуден өтіп, қатысушы формасын толтыру.
- Келесі кезеңге өткізу үшін қазылар алқасы 30 өтінімді іріктеп алады. Сәтті тіркелу немесе қабылданбау жағдайында қатысушы 2023 жылдың 5 мамырына дейін ұсынған пошта мекенжайына нұсқаулықтармен хабарлама/электронды хат алады.
- Қазылар алқасының сәтті іріктеп алуынан кейін жобаның Қатысушылары ақтықсын презентациясын дайындау үшін жоба менторлары өткізетін семинарларға, дайындыққа қатысады.
- Командалардың дайындық кезеңі 2023 жылдың 5 мамыры мен 30 шілде аралығы. Қатысушы ақтықсын презентациясын 2023 жылдың 30 шілдесіне дейін жолдауы тиіс.
- Ақтықсын презентацияларының қабылдануынан кейін қатысушы 2023 жылдың 5 мамырға дейін ұсынған пошта мекенжайына ақтықсынға өту немесе өтпеу туралы хабарлама/электронды хат алады.
- Ақтықсын және ақтықсын презентациясын қорғау Алматы қ. өтеді. Алматыда тұрмайтын Қатысушылардың өмір сүруі мен көлік шығынын ұйымдастырушылар көтереді және мұғалім мен команда капитанына алдын ала хабарласады.
- Ақтықсын қатысушыларын марапаттау Алматы қ. өтеді.

## **5. Басқа**

5.1. Жобаға қатыса отырып, сонымен қатар кез келген ақпаратты бере отырып, соның ішінде дербес деректер болып табылатын ақпаратты ұсынып, Қатысушы Ұйымдастырушының үшінші тұлғаға Жобаны өткізуді басқару мақсатында, оның барлық шарттарын орындау, маркетингілік және жаңалық хабарламаларын тарату, сонымен қатар ақпараттық мақсатта басқа да тікелей байланыс орнату үшін дербес деректерін келесі көлемде жинау, беру және өңдеуге келісімін береді: орналасу қаласы, толық Т.А.Ә. телефон нөмірі, электронды пошта мекенжайы.

5.2. Ұйымдастырушы өзінің келесі мекенжай бойынша орналастырылған интернеттегі ресми сайтында тиісті хабарламаны жариялау арқылы Қатысушыға хабарлап, осы Ережелерді біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы: solvefortomorrow.kz. Хабарлау күні сәйкес ақпарат жоғарыда көрсетілген мекенжайға хабарлама жарияланған күн немесе сайт парақшасында шарттар өзгертілген кезде көрсетілген қосымша күн болып табылады. Қатысушы көрсетілген өзгерістермен келіспеген жағдайда Жобаға қатысудан бас тарту жолымен өзгерістерді қабылдаудан бас тартуға құқылы. Осы күн аяқталғаннан кейін Жобаға қатысуды жалғастыру Қатысушының енгізілген өзгерістермен келіскенін білдіреді;

5.3. Жоба конкурс, лотерея немесе тәуекелде негізделген басқа құмар ойын болып табылмайды;

5.4. Қатысушы Жобаға қатыса отырып, оның кескінімен/қатысуымен тиісті фотосурет/бейне/промо ролик материалдарын Ұйымдастырушының Сайтында, сондай-ақ әлеуметтік желілеріндегі Ұйымдастырушының/Серіктестердің/Жобаға қатысы бар тұлғалардың ресми парақшаларында орналастыруға келісімін береді;

5.5. Пікір алу мақсатында Ұйымдастырушының қызмет көрсету сапасын бақылау үшін Қатысушыға/Жеңімпазға Сапа бөлімінен қоңырау шалуы мүмкін. Қатысушы/Жеңімпаз өз пікірін ұсынудан бас тартуға құқылы.

Ұйымдастырушының колл-орталығының байланыс деректері:

8-10-800-500-55-500 – Қазақстанның кез келген өңірінен қоңырау шалу тегін;

7799 – Қазақстанның кез келген ұялы операторынан қоңырау шалу тегін.